Uninstaller терезесіндегі жою қажет бағдарламаны табу мүмкін болмаса, **Mac OS X** қатты дискіндегі Applications қалтасын екі рет басып, алып тастау қажет қолданбаны таңдаңыз, сосын оны **Trash** белгішесіне сүйреңіз.

Өніміңізге және бағдарламаңызға қызмет көрсету

Ескертпе:

*Print & Scan (Mac OS X 10.7 үшін) немесе Print & Fax (Mac OS X 10.6 немесе 10.5 үшін) терезесінде қалған принтер драйверін және өнім атауын жоятын болсаңыз, өнімнің атауын таңдап, - **remove** түймесін басыңыз.*

Деректерді сыртқы сақтау құрылғысы арқылы тасымалдау

Деректерді сыртқы сақтау құрылғысы арқылы тасымалдау

Файлдарды құрылғыға жалғанған компьютерге көшіру үшін құрылғының жад картасы ұяшықтарын немесе сыртқы USB портын пайдалана аласыз. Сонымен қатар, оны компьютердегі файлдарды сақтау құрылғысына көшіру үшін пайдалануға болады.

Сақтау құрылғылары туралы алдын алу шаралары

Файлдарды сақтау құрылғысы мен компьютер арасында көшірген кезде мыналарды есте сақтаңыз:

- Сақтау құрылғысымен және кез келген адаптермен бірге келген құжаттардан пайдалану нұсқауларын көріңіз.
- Сақтау құрылғысынан басып шығару барысында файлдарды сақтау құрылғысына көшірмеңіз.
- Файлдарды сақтау құрылғысына көшірген соң немесе одан файлдарды жойған соң құрылғы сақтау құрылғыңыз туралы ақпаратты көрсетпейді. Көрсетілген ақпаратты жаңарту үшін, сақтау құрылғысын шығарып, қайта салыңыз.
- Жад картасы шамы жыпылықтаған кезде ешқандай жад картасын шығармаңыз немесе өнімді ажыратпаңыз.

Файлдарды сақтау құрылғысы мен компьютер арасында көшіру

Файлдарды компьютерге көшіру

1 Құрылғының іске қосылғанын және сақтау құрылғысының енгізілгенін немесе жалғанғанын тексеріңіз.

2 **Windows 7 және Vista:**
Бастау түймесін басып, **Computer (Компьютер)** опциясын таңдаңыз.

Windows XP:
Start (Бастау) түймесін басып, **My Computer (Менің компьютерім)** опциясын таңдаңыз.

Mac OS X:
Алынбалы диск белгішесі () жұмыс үстелінде автоматты түрде пайда болады.

Деректерді сыртқы сақтау құрылғысы арқылы тасымалдау

- 3** Алынбалы диск белгішесін екі рет басып, файлдар сақталған қалтаны екі рет басыңыз.

Ескертпе:

Бөлім белгісі орнатылса, ол диск атауы ретінде көрінеді. Бөлім белгісі орнатылмаған болса, “алынбалы диск” Windows XP жүйесіндегі диск атауы ретінде көрсетіледі.

- 4** Көшірілетін файлдарды таңдап, компьютердің қатты дискісіндегі бір қалтаға апарып тастаңыз.



Маңызды:

*Mac OS X жүйесі пайдаланушылары үшін
Сақтау құрылғысын ажыратқан кезде, сақтау құрылғысын шығармас бұрын алынбалы диск белгішесін әрқашан жұмыс үстеліндегі қоқыс жәшігіне апарып тастап отырыңыз, әйтпесе деректеріңізді жоғалтып алуыңыз мүмкін.*

Файлдарды сақтау құрылғысына сақтау

Жад картасын енгізбес бұрын, жазудан қорғау тетігінің жад картасына жазуға рұқсат ету күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе:

Файлды жад картасына Macintosh компьютерінен көшірген соң, ескілеу сандық камера жад картасын оқи алмауы мүмкін.

- 1** Құрылғының іске қосылғанын және сақтау құрылғысының енгізілгенін немесе жалғанғанын тексеріңіз.

2 Windows 7 және Vista:

Бастау түймесін басып, **Computer (Компьютер)** опциясын таңдаңыз.

Windows XP:

Start (Бастау) түймесін басып, **My Computer (Менің компьютерім)** опциясын таңдаңыз.

Mac OS X:

Алынбалы диск белгішесі () жұмыс үстелінде автоматты түрде пайда болады.

- 3** Алынбалы диск белгішесін екі рет басып, файлдар сақталатын қалтаны екі рет басыңыз.

Ескертпе:

Бөлім белгісі орнатылса, ол диск атауы ретінде көрінеді. Бөлім белгісі орнатылмаған болса, “алынбалы диск” Windows XP жүйесіндегі диск атауы ретінде көрсетіледі.

Деректерді сыртқы сақтау құрылғысы арқылы тасымалдау

4

Көшірілетін файлдарды қамтитын компьютер қатты дискісінен қалтаны таңдаңыз. Одан кейін файлдарды таңдап, сақтау құрылғысындағы қалтаға апарып тастаңыз.



Маңызды:

Mac OS X жүйесі пайдаланушылары үшін

Сақтау құрылғысын ажыратқан кезде, сақтау құрылғысын шығармас бұрын алынбалы диск белгішесін әрқашан жұмыс үстеліндегі қоқыс жәшігіне апарып тастап отырыңыз, әйтпесе құрылғыдағы деректеріңізді жоғалтып алуыңыз мүмкін.

Қате көрсеткіштері. Негізгі ақаулықтарды жою

Қате көрсеткіштері. Негізгі ақаулықтарды жою

Басқару тақтасындағы қате туралы хабарлар. Қате туралы хабарлар

Бұл бөлім СҚД экранында көрсетілген хабарлардың мағынасын береді.

Қате туралы хабарлар	Шешімдер
Paper jam	→ Көріңіз: “Қағаз кептелістері” бетте 160
Paper out	→ Көріңіз: “Қағаз жүктеу” бетте 27
Photos not recognized. Place the photos correctly on the scanner glass.	→ Көріңіз: “Сканер әйнегі” бетте 43
Printer error. Turn the power off and on again. For details, see your documentation.	Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. Өнімде ешқандай қағаз қалмағанын тексеріңіз. Қате туралы хабарларәлі де пайда болса, Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.
Communication error. Check if a computer is connected.	Компьютер дұрыс қосылғанын тексеріңіз. Қате туралы хабарлар әлі де пайда болса, сканерлеу бағдарламасы компьютерде орнатылған және сканерлеу параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз.
A printer's ink pad is nearing the end of its service life. Please contact Epson Support.	Басуды тоқтату үшін \diamond түймесін басыңыз. Хабар сия төсемесі ауыстырылмағанша көрсетіледі. Сия төсемелерінің жарамды мерзімінің аяқталуынан бұрын оларды ауыстыруды сұрату үшін Epson қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Сия төсемелер толған соң, принтер жұмысын тоқтатып, басуды жалғастыру үшін Epson қолдау қызметі сұралады.
A printer's ink pad is at the end of its service life. Please contact Epson Support.	Сия төсемін ауыстыру үшін Epson қолдау орталығына хабарласыңыз.
Memory card or external device not recognized.	Жад картасы мен сыртқы құрылғының дұрыс енгізілгеніне көз жеткізіңіз.
No dial tone detected. Run Check Fax Connection under Fax Settings in Setup menu.	Телефон кабелі дұрыс қосылған және телефон желісі жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. → Көріңіз: “Телефон желісіне қосылу” бетте 97 Осы өнім ЖТС (Жеке телефон станциясы) немесе ТА (Терминалды адаптер) қосылған болса, Dial Tone Detection опциясын өшіріңіз. Fax Settings > Communication > Dial Tone Detection > Off опцияларын таңдаңыз.
Combination of IP address and subnet mask is invalid. See your documentation.	Интернеттегі Желімен жұмыс істеуге арналған нұсқау нұсқаулығына жүгініңіз.

Қате көрсеткіштері. Негізгі ақаулықтарды жою

Қате туралы хабарлар	Шешімдер
Recovery Mode	Мультибағдарламаларды жаңарту орындалмады. Мультибағдарламаларды жаңарту қайта сұралуы қажет. USB кабелін дайындап, келесі нұсқаулар үшін жергілікті Epson веб-сайтына кіріңіз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Проблеманы анықтау

Құрылғы ақаулықтарын жою мынадай екі жолмен өте жақсы орындалады: алдымен проблеманы диагностикалаңыз, сосын проблема шешілгенше қатысты шешімдерді қолданыңыз.

Анықтауды қажет ететін мәліметті және ең жиі ұшырасатын ақаулардың шешімін желілік ақауды жою қызметі. Басқару панелі немесе күй мониторы арқылы алуға болады. Төмендегі сәйкес бөлімді қараңыз.

Басып шығару сапасына қатысты белгілі бір ақау, басып шығару сапасына қатысы жоқ басып шығару ақауы немесе қағазды беру ақауы бар болса немесе өнім тіптен басып шығармайтын болса, сәйкес тарауды қараңыз.

Ақауды шешу үшін басып шығару әрекетін тоқтату қажет болуы мүмкін.

➔ [“Басып шығаруды тоқтату” бетте 58](#)

Өнім күйін тексеру

Ақау басып шығару барысында орын алса, күй мониторының терезесінде қате туралы хабар пайда болады.

Өнімнің сия төсемелерінің жарамды мерзімінің соңына жақындап келе жатқанын білдіретін қате туралы хабар пайда болса, оларды ауыстыру үшін Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. Сия төсемелері ауыстырылмайынша хабар арақидік пайда болып тұрады. Өнімнің сия төсемелері қаныққан кезде, өнім тоқтайды және басып шығаруды жалғастыру үшін Epson қолдау көрсету қызметі қажет.

Windows жүйесі үшін

EPSON Status Monitor 3 қатынасудың екі жолы бар:

- Windows taskbar (тапсырмалар жолағындағы) өнімнің таңбаша белгішесін екі рет нұқыңыз. Taskbar (тапсырмалар жолағына) таңбаша белгішесін қою үшін келесі тарауды қараңыз:
 - ➔ [“Taskbar \(тапсырмалар тақтасы\) пәрменіндегі пернелер белгішесінен” бетте 53](#)
- Принтер драйверін ашып, **Maintenance** қойындысын, сосын **EPSON Status Monitor 3** түймешігін нұқыңыз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

EPSON Status Monitor 3 қатынасқан кезде, келесі терезе пайда болады:



Ескертпе:

EPSON Status Monitor 3 пайда болмаса, принтер драйверіне кіріп, **Maintenance** қойындысын, сосын **Extended Settings** түймешігін нұқыңыз. *Extended Settings* терезесінде, **Enable EPSON Status Monitor 3** ұяшығында белгі қойыңыз.

EPSON Status Monitor 3 келесі ақпаратты береді:


- Ағымдағы күй:**
Егер сия деңгейі төмен немесе таусылған болса, **How to** түймесі EPSON Status Monitor 3 терезесінде көрінеді. **How to** түймесін басқан кезде сия картриджін ауыстыру нұсқаулары көрсетіледі.
- Ink Levels:**
EPSON Status Monitor 3 терезесі сия картриджі күйінің графикалық дисплейін көрсетеді.
- Information:**
Information түймесін басу арқылы орнатылған сия картридждері туралы ақпаратты көре аласыз.
- Technical Support:**
Epson техникалық қолдау көрсету веб-сайтына кіру үшін **Technical Support** пәрменін таңдаңыз.
- Print Queue:**
Windows Spooler (Windows Спулер) драйверін **Print Queue** түймесін басып қарауға болады.

Mac OS X жүйесі үшін

EPSON Status Monitor кіру үшін осы қадамдарды орындаңыз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- 1 Epson Printer Utility 4 қызметіне кіріңіз.
➔ “Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 53
- 2 **EPSON Status Monitor** белгішесін басыңыз. EPSON Status Monitor пайда болады.



Осы қызметтік бағдарламаны басып шығару алдында сия картриджінің күйін тексеру үшін де пайдалана аласыз. EPSON Status Monitor терезесі қай кезде ашылады, сол кездегі сия картриджі күйін көрсетеді. Сия картриджі күйін жаңарту үшін **Update** түймесін басыңыз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Сия деңгейі төмен немесе ол таусылған кезде **How to** түймесі пайда болады. **How to** түймесі басылса, EPSON Status Monitor терезесі қадамдап орындалатын сия картриджін ауыстыру процедурасын орындауға көмектесу үшін шығады.



Қағаз кептелістері



Абай болыңыз:

Қолыңыз өнім ішінде тұрған кезде басқару панеліндегі түймелерді ешқашан баспаңыз.



Ескертпе:

- СҚД экранынан немесе принтер драйверінен хабар шыға келсе, басып шығару жұмысын тоқтатыңыз.
- Кептелген қағазды алып тастаған соң, СҚД экранын көрсететін түймені басыңыз.


Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Кептелген қағазды артқы қақпақтан шығару


1 Артқы қақпақты алып, кептелген қағазды абайлап шығарыңыз.



2 Кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.





3 Артқы қақпақты ашып, кептелген қағазды абайлап шығарыңыз.





Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- 4** Артқы қақпақты орнына салыңыз.





Өнімнің ішінен кептелген қағазды алып тастау

- 1** Кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.





Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- 2** Сканер бөлігін ашыңыз. Одан кейін ішіндегі барлық қағазды, жыртылған қағаздармен қоса алып тастаңыз.



! **Маңызды:**
Сия картриджі ұстатқышына жалғанған ақ жалпақ кабельді ұстамаңыз.


- 3** Сканер бөлігін жай жабыңыз.



Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою


Кептелген қағазды қағаз құндағынан шығару

- 1 Қағаз құндағын шығарыңыз. Одан кейін кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.



- 2 Кептеліп қалған қағазды құндақтан алып тастаңыз.

- 3 Қағаз жиектерін туралаңыз.



- 4 Құндақты жалпақ күйінде сақтап, баяу және абайлап құрылғыға толығымен қайта енгізіңіз.


Кептелген қағазды Құжатты автоберу құрылғысынан (ADF) шығару

Осы функцияның қол жетімділігі өнім бойынша әр түрлі болады.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

1 Қағаз бумасын ADF кіріс науасынан алып тастаңыз.


2 ADF қақпағын ашыңыз. Одан кейін кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.




Маңызды:

Кептелген қағазды алмас бұрын ADF ашу керек. Қақпақ ашылмаған болса, өнім зақымдалуы мүмкін.

3 Құжат қақпағын ашыңыз.




4 Құжат матын шешіп алыңыз.




Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- 5** Кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.




- 6** Құжат матын орнына салып, құжат қақпағын жабыңыз.

- 7** Құжатты автоберу құрылғысын (ADF) ашыңыз.



- 8** Кептелген қағазды абайлап алып тастаңыз.





- 9** Құжатты автоберу құрылғысын (ADF) жабыңыз.

Қағаз кептелістерінің алдын алу

Қағаз жиі кептетіліп қалатын болса, келесіні тексеріңіз.

- Қағаздың түзу екенін, оралып немесе жиырылып қалмағанын.
- Жоғары сапалы қағазды пайдаланылғанын.
- Қағаз құндағындағы қағаздың басылатын жағы жоғары қарап тұрады.
- Артқы қағаз беру саңылауындағы қағаздың басылатын жағы жоғары қарап тұрады.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- ❑ Салудан бұрын бума қағаздың желпінтіліп, қағылғанын.
- ❑ Қарапайым қағазға келсек, қағазды шеткі бағыттағыштың ішіндегі  немесе  көрсеткі таңбасының дәл астындағы сызықтан асыра салмаңыз.
Epson арнайы ақпарат тасығыштары үшін парақтар санының ақпарат тасығыш үшін бекітілген шектен аз екеніне көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)
- ❑ Шеткі бағыттағыштар қағаздың шетіне қарсы ыңғайлы орналасқан.
- ❑ Өнім барлық бағытта біршама қашықтыққа созылып жатқан түзу, әрі орнықты жерге қойылған. Өнім қисайтылса дұрыс жұмыс жасамайды.

Қағаз кептелген соң қайта басу (тек Windows жүйесі үшін)

Қағаз кептелгендіктен басып шығару жұмысын тоқтатқан соң, бұрын басып шығарылған беттерді қайта баспай оны басып шағыруға болады.

- 1 Фаза кептелісінің проблемасын шешіңіз.
➔ [“Қағаз кептелістері” бетте 160](#)
- 2 Принтер параметрлеріне кіріңіз.
➔ [“Windows жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 52](#)
- 3 Принтер драйверінің Main немесе Advanced терезесіндегі **Print Preview** ұяшығына құсбелгі қойыңыз.
- 4 Басып шығару үшін пайдалану қажет параметрлерді жасаңыз.
- 5 Принтер параметрлерінің терезесін жабу үшін **OK** түймесін басып, файлды басып шығарыңыз. Print Preview терезесі ашылады.
- 6 Сол жақтағы беттер тізімінің терезесінде бұрын басып шығарылған бетті таңдап, Print Options мәзірінен **Remove Page** пәрменін таңдаңыз. Бұрынбасып шығарылған барлық беттер үшін осы қадамды қайталаңыз.
- 7 Print Preview терезесіндегі **Print** пәрменін таңдаңыз.


Басып шығару сапасына қатысты анықтама

Баспаларда байланыстар (ашық сызықтар), түстері жоқ немесе басқа сапалық проблемаларды байқасаңыз, келесі шешімдерді қолданып көріңіз.

- ❑ Қағазды салғаныңызды және түпнұсқаны дұрыс орнатқаныңызды тексеріңіз.
➔ [“Қағаз жүктеу” бетте 27](#)
➔ [“Түпнұсқаларды орнату” бетте 40](#)

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- ❑ Қағаз өлшемінің параметрлері мені қағаз түрінің параметрлерін тексеріңіз.
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)
- ❑ Басып шығару механизмі ластанған болуы мүмкін. Алдымен саңылауды тексеріп, сосын басып шығару механизмін тазалаңыз.
Setup > Maintenance > Nozzle Check



- (a) OK
- (ә) Механизмді тазалау қажет

Басып шығару сапасына қатысты ақаулар бар болса, оларды төмендегі суреттермен салыстырыңыз. Басылып шыққан қағазға дәлірек ұқсайтын сурет астындағы жазуды нұқыңыз.

<p>enthalten alle Aufdruck. W 5008 "Regel"</p> <p>Жақсы үлгі</p>	 <p>Жақсы үлгі</p>
<p>enthalten alle Aufdruck. W 5008 "Regel"</p> <p>➔ “Көлденең жолақтану” бетте 169</p>	<p>enthalten alle Aufdruck. W 5008 "Regel"</p> <p>➔ “Тік жолақтану немесе сәйкессіздік” бетте 169</p>
 <p>➔ “Көлденең жолақтану” бетте 169</p>	 <p>➔ “Тік жолақтану немесе сәйкессіздік” бетте 169</p>

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою



➔ “Дұрыс емес түстер немесе түссіз” бетте 170



➔ “Бұлдыраңқы немесе бояуы жағылып басылып шыққан қағаз” бетте 170

Көлденең жолақтану

- Қағаздың басылатын жағының (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) артқы қағаз беру саңылауында жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қағаздың басылатын жағының (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) қағаз құндағында төмен қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Бітеліп қалған сия инелерін тазалау үшін Head Cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ “Басып шығару механизмін тазалау” бетте 137
- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, орамды ашқан күннен бастап сия картриджін алты ай ішінде пайдаланып тастаңыз.
- Түпнұсқа Epson сия картридждерін пайдалануға тырысыңыз.
- СҚД мәзірінде және принтер драйверінде таңдалған қағаз түрінің өнім ішіне салынған қағаз түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ “Қағазды таңдау” бетте 24
- Егер сызықтар 2,5 см үзіліспен пайда болатын болса, Print Head Alignment қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз.
➔ “Басып шығару механизмін туралау” бетте 139
- Көшірмеңізде муарлы (тор) үлгі пайда болса, СҚД мәзіріндегі **Reduce/Enlarge** параметрді өзгертіңіз немесе түпнұсқалық күйге ауыстырыңыз.
- Көшіру сапасына қатысты ақау бар болса, өнімнің сыртын тазалаңыз.
➔ “Өнімнің сыртын тазалау” бетте 143

Тік жолақтану немесе сәйкессіздік

- Қағаздың басылатын жағының (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) артқы қағаз беру саңылауында жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қағаздың басылатын жағының (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) қағаз құндағында төмен қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Бітеліп қалған сия инелерін тазалау үшін Head Cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ “Басып шығару механизмін тазалау” бетте 137

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- ❑ Print Head Alignment утилитасын жегіңіз.
➔ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 139](#)
- ❑ Windows жүйесі үшін принтер драйверіндегі Advanced терезесінің **High Speed** ұяшығына белгі қойыңыз. Қосымша мәліметтер алу үшін желілік анықтама бөлімін қараңыз.
Mac OS X жүйесі үшін High Speed Printing ішінен **Off** функциясын таңдаңыз. High Speed Printing опциясын көрсету үшін, мына мәзірлерді басып шығыңыз: **System Preferences, Print & Scan** (Mac OS X 10.7 үшін) немесе **Print & Fax** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5 үшін) опцияларын, құрылғыңызды (Printers тізімі терезесі), **Options & Supplies** опциясын, сосын **Driver** опциясын таңдаңыз.
- ❑ СҚД мәзірінде және принтер драйверінде таңдалған қағаз түрінің өнім ішіне салынған қағаз түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)
- ❑ Көшіру сапасына қатысты ақау бар болса, өнімнің сыртын тазалаңыз.
➔ [“Өнімнің сыртын тазалау” бетте 143](#)

Дұрыс емес түстер немесе түссіз

- ❑ Windows жүйесі үшін, принтер драйверінің Advanced терезесінде **Grayscale** құсбелгісін алып тастаңыз.
Mac OS X жүйесі үшін, принтер драйверінің Print диалогтық терезесінде Print Settings ішіндегі **Grayscale** параметрін алып тастаңыз.
Қосымша мәліметтер алу үшін желілік анықтама бөлімін қараңыз.
- ❑ Қолданбадаға немесе принтер драйверінің орнатымдарындағы түс орнатымдарын өзгертіңіз.
Windows жүйесінде Advanced терезесін тексеріңіз.
Mac OS X жүйесі үшін Print диалогтық терезесінен Color Options диалогтық терезесіне белгі қойыңыз.
Қосымша мәліметтер алу үшін желілік анықтама бөлімін қараңыз.
- ❑ Бітеліп қалған сия инелерін тазалау үшін Head Cleaning утилитасын іске қосыңыз.
➔ [“Басып шығару механизмін тазалау” бетте 137](#)
- ❑ Сия картриджін жаңа ғана ауыстырған болсаңыз, қораптағы күнді тексеріңіз. Құрылғы біраз уақыт бойы пайдаланылмаса, Epson компаниясы сия картридждерін ауыстыруды ұсынады.
➔ [“Сия картриджін ауыстыру” бетте 130](#)
- ❑ Түпнұсқадағы Epson сия картридждерін және Epson ұсынған қағазды пайдалануға тырысыңыз.

Бұлдыраңқы немесе бояуы жағылып басылып шыққан қағаз

- ❑ Түпнұсқадағы Epson сия картридждерін және Epson ұсынған қағазды пайдалануға тырысыңыз.
- ❑ Өнімнің барлық бағытта біршама қашықтыққа созылып жатқан түзу, әрі орнықты жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. Өнім қисайтылса дұрыс жұмыс жасамайды.
- ❑ Қағаздың зақымданбағанына, лас немесе тым ескі еместігіне көз жеткізіңіз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- ❑ Қағаздың құрғақ және басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) артқы қағаз беру саңылауында жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Қағаздың құрғақ және басылатын жағы (ақшылдау немесе жылтырақ жағы) қағаз құндағында төмен қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Егер қағаз басылып шығатын жағына қарай бүктелген қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз.
- ❑ СҚД мәзірінде және принтер драйверінде таңдалған қағаз түрінің өнім ішіне салынған қағаз түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)
- ❑ Басылып шығу барысында қағаз шығатын науадан әрбір парақты алып тұрыңыз.
- ❑ Басылып шыққан қағаздың жылтыраңқы қабаты бар жағын ұстамаңыз немесе басқа бір нәрсенің тиюіне жол бермеңіз. Басылып шыққан қағаздарды ұстау үшін қағаздың нұсқауларын орындаңыз.
- ❑ Head Cleaning қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз.
➔ [“Басып шығару механизмін тазалау” бетте 137](#)
- ❑ Print Head Alignment утилитасын жегіңіз.
➔ [“Басып шығару механизмін туралау” бетте 139](#)
- ❑ Басылып шыққаннан кейін қағазға сия жағылып қалған болса, өнімнің ішкі жағын тазалаңыз.
➔ [“Өнімнің ішін тазалау” бетте 145](#)
- ❑ Егер сіз автоматты түрде 2 жақты басып шығару мүмкіндігін пайдаланып жатсаңыз, **Print Density** мөлшерін төмендетіп, ұзағырақ **Increased Ink Drying Time** опциясын принтер драйверінің Print Density Adjustment терезесінен (Windows үшін) немесе Two-sided Printing Settings терезесінен (Mac OS X үшін) таңдаңыз.
➔ [“2 жақты басып шығару” бетте 63](#)
- ❑ Көшіру сапасына қатысты ақау бар болса, өнімнің сыртын тазалаңыз.
➔ [“Өнімнің сыртын тазалау” бетте 143](#)

Әртүрлі басып шығарылған қағаз ақаулары

Қате немесе бұзылған таңбалар

- ❑ Тоқтап қалған басып шығару жұмыстарын жойыңыз.
➔ [“Басып шығаруды тоқтату” бетте 58](#)
- ❑ Өнімді және компьютерді өшіріңіз. Өнімнің интерфейстік кабелінің мықтап тығылғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Қате шекаралар

- Қағаздың артқы қағаз беру саңылауына немесе қағаз құндағына дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағаз жүктеу” бетте 27](#)
- Қолданбадағы шекара орнатымдарын тексеріңіз. Шекаралардың беттің басылып шығатын аумағының ішінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
➔ [“Басылып шығарылатын аймақ” бетте 192](#)
- Принтер драйвері орнатымдарының қолданыстағы қағаз өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
Windows жүйесінде, Main терезесін тексеріңіз.
Mac OS X жүйесінде, Page Setup тілқатысу терезесін немесе Print тілқатысу терезесін таңдаңыз.
- Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Басылып шыққан қағаз сәл қисық

- Қағаздың артқы қағаз беру саңылауына немесе қағаз құндағына дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағаз жүктеу” бетте 27](#)
- Егер **Fast Economy** опциясы **Paper & Quality Options** параметрі үшін принтер драйверінің **Advanced** терезесінде (Windows) немесе **Print Quality** параметрі үшін (Mac OS X) **Print Settings** терезесінде таңдалған болса, басқа параметрді таңдаңыз.

Көшірілген суреттің өлшемі немесе орны дұрыс емес

- Басқару тақтасында таңдалған қағаз өлшемі, орналастыруы немесе кішірейту/ұлғайту параметрлері пайдаланылатын қағазға сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Көшірменің шеттері кесілген болса, түпнұсқаны бұрыштан сәл тартыңқыраңыз.
- Сканер әйнегін тазалаңыз.
➔ [“Өнімнің сыртын тазалау” бетте 143](#)

Ауыстырылған сурет

- Windows жүйесі үшін принтер драйверіндегі Page Layout терезесінде **Mirror Image** ұяшығында белгіні алып тастап, қолданбадағы Mirror Image параметрін өшіріңіз.
Mac OS X жүйесі үшін принтер драйверіндегі Print диалогтық терезесінің **Print Settings** ішіндегі **Mirror Image** ұяшығынан белгіні алып тастап, қолданбадағы Mirror Image параметрін өшіріңіз.
Нұсқауларды табу үшін принтер драйверіне немесе қолданбаға арналған желідегі анықтаманы қараңыз.
- Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Қағаз немесе CD/DVD жартылай басылып немесе бос шығады

- ❑ Сканер бөлігінің белгілі бір уақытқа ашық қалуына, дерек қабылдау мүмкіндігіне белгілі бір уақытқа созылатын кедергі келтірілуіне, компьютерге немесе деректерге байланысты өнім басып шығарудың жартысына жеткен кезде тоқтатылуы немесе қағазды не CD/DVD қағазын шығарып тастауы мүмкін. егер сканер бөлігі ашық болса, оны жабыңыз. Өнім басып шығаруды жалғастыруы мүмкін, бірақ олай істемесе, қайта басып шығарып көріңіз.
- ❑ Принтер драйвері орнатымдарының қолданыстағы қағаз өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
Windows жүйесінде, Main терезесін тексеріңіз.
Mac OS X жүйесінде, Page Setup тілқатысу терезесін немесе Print тілқатысу терезесін таңдаңыз.
- ❑ Windows жүйесі үшін принтер драйверіндегі Maintenance терезесіндегі **Extended Settings** түймесін басып, **Skip Blank Page** параметрін таңдаңыз.
Mac OS X жүйесі үшін Skip Blank Page ішінен **On** функциясын таңдаңыз. Skip Blank Page опциясын көрсету үшін, мына мәзірлерді басып шығыңыз: **System Preferences, Print & Scan** (Mac OS X 10.7 үшін) немесе **Print & Fax** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5 үшін) опцияларын, құрылғыңызды (Printers тізімі терезесі), **Options & Supplies** опциясын, сосын **Driver** опциясын таңдаңыз.
- ❑ Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Басылып шығатын жағы ластанған немесе сызылған

- ❑ Егер қағаз басылып шығатын жағына қарай бүктелген қалса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы бағытта бүктеңіз.
- ❑ Windows үшін **Thick paper and envelopes** опциясын принтер драйверінің Maintenance терезесіндегі **Printer and Option Information** бөлімінен таңдаңыз.
Mac OS X 10.5 не одан кейінгі нұсқадағы жүйелер үшін **On** опциясын Thick paper and envelopes бөлімінен таңдаңыз. Thick paper and envelopes опциясын көрсету үшін, мына мәзірлерді басып шығыңыз: **System Preferences, Print & Scan** (Mac OS X 10.7 үшін) немесе **Print & Fax** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5 үшін) опцияларын, құрылғыңызды (Printers тізімі терезесі), **Options & Supplies** опциясын, сосын **Driver** опциясын таңдаңыз.
- ❑ Құжатты сканер әйнегіне салмастан бірнеше көшірме жасаңыз.
➔ [“Өнімнің ішін тазалау” бетте 145](#)
- ❑ Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Тым баяу басып шығару

- ❑ СҚД мәзірінде және принтер драйверінде таңдалған қағаз түрінің өнім ішіне салынған қағаз түріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

- ❑ Windows үшін, барлық теңшелген параметрлерді жойып, принтер драйверінің Main терезесінде **Text** опциясын Quality Option ретінде таңдаңыз. Mac OS X жүйесі үшін принтер драйверіндегі Print диалогтық терезесінің Print Settings ішіндегі төменгі Print Quality пәрменін таңдаңыз.
 - ➔ [“Windows жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 52](#)
 - ➔ [“Mac OS X жүйесіне арналған принтер драйверіне кіру” бетте 53](#)
- ❑ Қажеті жоқ қолданбаларды жабыңыз.
- ❑ Ұзақ уақыт бойы үздіксіз басып шығарып отырсаңыз, басып шығару әрекеті өте баяулауы мүмкін. Бұл басып шығару жылдамдығын түсіру және өнім механизмінің қызып кетуіне және зақымдануына жол бермеу үшін жасалады. Осындай жағдай орын алса, басып шығаруды жалғастыра беруге болады, бірақ біз тоқтап, өнімді қосылған қалпы тыныш күйде, кем дегенде, 30 минутқа қалдыруға кеңес береміз. (Өнім өшірілгеннен кейін қалпына келмейді.) Сөндіріп, қосқаннан кейін, өнім қалыпты жылдамдықпен басып шығарады.
- ❑ Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
 - ➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Жоғарыдағы барлық әдістерді қолданып көрген болсаңыз және ақауды жоя алмасаңыз, келесіні қараңыз:

- ➔ [“Басып шығару жылдамдығын көбейту \(тек Windows үшін\)” бетте 178](#)

Қағаз дұрыс берілмейді немесе CD/DVD науасы дұрыс енгізілмеген

Қағаз берілмейді

Салынған қағаздар бумасын алып, келесіге көз жеткізіңіз:

- ❑ Қағаз құндағын құрылғыға толық енгізгенсіз.
- ❑ Қағаз оралмаған немесе жұмарланбаған.
- ❑ Қағаз тым ескі емес. Қосымша мәлімет алу үшін қағазбен бірге келген нұсқауларды қараңыз.
- ❑ Қарапайым қағазға келсек, қағазды шеткі бағыттағыштың ішіндегі ▼ немесе ≡ көрсеткі таңбасының дәл астындағы сызықтан асыра салмаңыз. Epson арнайы ақпарат тасығыштары үшін парақтар санының ақпарат тасығыш үшін бекітілген шектен аз екеніне көз жеткізіңіз.
 - ➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)
- ❑ Өнімнің ішінде кептетілген қағаз жоқ. Бар болса, кептетілген қағазды алып тастаңыз.
 - ➔ [“Қағаз кептелістері” бетте 160](#)
- ❑ Сия картридждері толық пайдаланылмаған. Егер картридж толық пайдаланылса, оны ауыстырыңыз.
 - ➔ [“Сия картриджін ауыстыру” бетте 130](#)
- ❑ Қағазбен бірге келген салуға қатысты арнайы нұсқауларды орындаңыз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Бірнеше бетті беру механизмі

- ❑ Қарапайым қағазға келсек, қағазды шеткі бағыттағыштың ішіндегі ▼ немесе ≡ көрсеткі таңбасының дәл астындағы сызықтан асыра салмаңыз.
Epson арнайы ақпарат тасығыштары үшін парақтар санының ақпарат тасығыш үшін бекітілген шектен аз екеніне көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағазды таңдау” бетте 24](#)
- ❑ Шеткі бағыттағыштар қағаздың шетіне қарсы ыңғайлы орналасқанын тексеріңіз.
- ❑ Қағаздың оралмағанына немесе бүктелмегеніне көз жеткізіңіз. Солай болса, салудан бұрын оны жазыңыз немесе оны сәл ғана қарсы жағына қарай бүктеңіз.
- ❑ Салынған қағаз бумасын алып тастап, қағаздың тым жұқа еместігіне көз жеткізіңіз.
➔ [“Қағаз” бетте 190](#)
- ❑ Парақтардың арасын ашу үшін қағаз шеттерін желпінтіп шығып, қағазды қайта салыңыз.
- ❑ Бір файлдың тым көп көшірмесі басылып шығып жатса, принтер драйверіндегі Copies орнатымын төмендегідей тексеріп, қолданбаны да қарап шығыңыз.
Windows жүйесі үшін Page Layout терезесіндегі Copies параметрін таңдаңыз.
Mac OS X жүйесі үшін Print диалогтық терезесіндегі Copies параметрін таңдаңыз.

Қағаз дұрыс салынбаған

Қағазды өнім ішіне тым алыстау салып жіберсеңіз, өнім қағазды дұрыс бере алмай қалады. Өнімді өшіріп, қағазды ақырын ғана алыңыз. Сосын, өнімді қосып, қағазды дұрыстап салыңыз.

Қағаз толық алынбаған немесе мыжырылып қалған

- ❑ Қағаз толық шықпаса, оны шығару үшін ♦ түймесін басыңыз. Өнімнің ішінде қағаз кептетіліп қалса, оны келесі тараудағыдай алып тастаңыз.
➔ [“Қағаз кептелістері” бетте 160](#)
- ❑ Қағаз шығып жатқан кезде мыжырылып қалса, оның дымқыл немесе тым жұқа екенін білуге болады. Жаңа қағаз бумасын салыңыз.

Ескертпе:

Пайдаланылмаған қағазды өзінің қабына салып, құрғақ жерде сақтаңыз.


CD/DVD баспасын жіберген кезде CD/DVD науасы шығарылған күйде болған немесе дұрыс енгізілмеген

- ❑ CD/DVD науасын дұрыстап қайта енгізіңіз.
➔ [“CD/DVD салу” бетте 36](#)
- ❑ CD/DVD басып шығару жұмысын бастаған кезде науа шығарылса, құрылғының дайын болмағаны. Экранында науаны салуды сұраған хабар көрінгенше күтіңіз. Одан кейін науаны қайта салып, ♦ түймесін басыңыз.

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Өнім басып шығармайды

Барлық шамдар өшірулі

- Өнімнің қосылғанына көз жеткізу үшін  түймесін басыңыз.
- Қуат сымының тығыз тығылғанына көз жеткізіңіз.
- Розетканың жұмыс істеп тұрғанына және жардағы ажыратқыш немесе таймер арқылы бақылауға алынғанына көз жеткізіңіз.

Шамдар жанып-сөнеді

Өнімнің кернеуі қуат көзінің кернеуіне сай келмеуі мүмкін. Құрылғыны өшіріп, розеткадан дереу суырыңыз. Одан кейін құрылғының артындағы жапсырманы тексеріңіз.

**Абай болыңыз:**

Егер кернеу сәйкес болмаса, ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚАЙТА ҚОСПАҢЫЗ. Сатушымен хабарласыңыз.


Қуат шамы ғана қосулы

- Өнімді және компьютерді өшіріңіз. Өнімнің интерфейстік кабелінің мықтап тығылғанына көз жеткізіңіз.
- Егер USB интерфейсін пайдалансаңыз, кабельдің USB немесе жоғары жылдамдықты USB стандарттарға сәйкестігіне көз жеткізіңіз.
- Өнімді компьютерге USB маршрутизатор арқылы жалғасаңыз, өнімді компьютерден келетін бірінші деңгейлі маршрутизаторға жалғаңыз. Принтер драйвері компьютер арқылы әлі де танылмай тұрса, өнімді компьютерге USB маршрутизаторсыз тікелей жалғап көріңіз.
- Өнімді компьютерге USB маршрутизатор арқылы жалғасаңыз, USB маршрутизатор құрылғысының компьютер тарапынан танылғанына көз жеткізіңіз.
- Үлкен суретті басып шығаруға тырыссаңыз, компьютерде жеткілікті көлемдегі жад болмауы мүмкін. Суреттің ажыратымдылығын азайтуға немесе суретті кішілеу өлшеммен басып шығаруға тырысыңыз. Компьютерге қосымша жад орнату қажет болуы мүмкін.
- Windows жүйесінің қолданушылары тоқтап қалған басып шығару жұмыстарын Windows Spooler (Windows Спулер) арқылы жоя алады.
 - ➔ [“Басып шығаруды тоқтату” бетте 58](#)
- Принтер драйверін алып тастап, қайта орнатыңыз.
 - ➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Картриджді ауыстырған соң сия қатесі көрсетіледі

- 1 Сканер бөлігін ашыңыз.




! **Маңызды:**
Өнімнің ішіндегі ақ жалпақ кабельді ұстамаңыз.

- 2 Сия картриджі ұстатқышының сия картриджін ауыстыру бағытында тұрғанына көз жеткізіңіз.

Ескертпе:
Егер сия картриджінің ұстатқышы артқы оң жақта болса, **Setup** режиміне *Home* мәзірінен кіріп, **Maintenance** опциясын таңдаңыз да, **Ink Cartridge Replacement** параметрін таңдаңыз.

- 3 Сия картриджін шығарып, қайта енгізіңіз де, сия картриджін орнатуды жалғастырыңыз.




- 4 Сканер бөлігін жай жабыңыз.

- 5 Экрандағы нұсқауды орындаңыз.


Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Басып шығару жылдамдығын көбейту (тек Windows үшін)

Басып шығару жылдамдығы баяу кезде басып шығару жылдамдығын Extended Settings терезесіндегі кейбір орнатымдарды таңдау арқылы көбейтуге болады. Принтер драйверінің Maintenance терезесіндегі **Extended Settings** түймесін басыңыз.



Келесі тілқатысу терезесі пайда болады.



Басып шығару/көшіру ақаулықтарын жою

Келесі ұяшыққа белгі қойып, басып шығару жылдамдығын көбейтуге болады.

- High Speed Copies
- Always spool RAW datatype
- Page Rendering Mode
- Print as Bitmap

Әр элементке қатысты қосымша мәлімет алу үшін желідегі анықтаманы қараңыз.

Басқа проблема

Қарапайым қағаздарды дыбыссыз басып шығару

Қағаз түрі үшін қарапайым қағаз таңдалған және принтер драйверіндегі сапа үшін Standard (Windows) немесе Normal (Mac OS X) таңдалған кезде, өнім жоғары жылдамдықта басып шығарады. Басып шығару жылдамдығын баяулататын тыныштау күйдегі жұмыс үшін Quiet Mode дегенді таңдап көріңіз.

Windows жүйесі үшін принтер драйверінің Advanced терезесіндегі Quiet Mode ұяшығына белгі қойыңыз.

Mac OS X жүйесі үшін **Quiet Mode** ішінен On пәрменін таңдаңыз. Quiet Mode опциясын көрсету үшін, мына мәзірлерді басып шығыңыз: **System Preferences, Print & Scan** (Mac OS X 10.7 үшін) немесе **Print & Fax** (Mac OS X 10.6 немесе 10.5 үшін) опцияларын, құрылғыңызды (Printers тізімі терезесі), **Options & Supplies** опциясын, сосын **Driver** опциясын таңдаңыз.

Сканерлеуге қатысты ақауларды жою

СҚД экрандағы хабарлар немесе күй шамы білдіретін ақаулар

- ❑ Өнімнің компьютерге дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Өнімді өшіріп тастап, қайта іске қосыңыз. Ақау жойылмаса, өнім дұрыс жұмыс жасамай тұруы немесе сканер бөлігіндегі жарық көзін ауыстыру қажет болуы мүмкін. Дилерге хабарласыңыз.
- ❑ Сканерлеу бағдарламасының толық орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сканерлеу бағдарламасын орнатуға қатысты нұсқауларды білу үшін қағаз нұсқаулықты қараңыз.

Сканерді қосқан кездегі ақаулар

- ❑ Күй шамын тексеріп, өнімнің сканерлеуге дайын екеніне көз жеткізіңіз.
- ❑ Кабельдердің өнімге және жұмыс істеп тұрған электр розеткасына мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз. Қажет болса, өнімнің айнымалы ток адаптерін басқа электр құрылғысына жалғап, қосып көру арқылы сынап көріңіз.
- ❑ Өнімді және компьютерді өшіріңіз, сосын арасындағы интерфейстік кабель қосылымының мықты екеніне көз жеткізу үшін оны тексеріңіз.
- ❑ Сканерлей бастаған кезде сканер тізімі пайда болса, дұрыс өнімді таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.

Windows:

Epson Scan функциясын EPSON Scan белгішесін пайдаланып бастағанда және Select Scanner тізімі көрсетілгенде, өнімнің үлгісі таңдалғанын тексеріңіз.

Mac OS X:

Epson Scan белгішесін Applications қалтасынан пайдаланып бастағанда және Select Scanner тізімі көрсетілгенде, өнімнің үлгісі таңдалғанын тексеріңіз.

- ❑ Өнімді компьютердің сыртқы USB портына немесе тек бір USB маршрутизатор арқылы тікелей жалғаңыз. Өнім компьютерге бірнеше USB маршрутизатор арқылы жалғанған кезде дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін. Ақау жойылмаса, өнімді компьютерге тікелей жалғап көріңіз.
- ❑ Компьютерге бірнеше өнім жалғанған болса, ол жұмыс жасамауы мүмкін. Пайдаланғыңыз келетін өнімді ғана жалғаңыз, сосын қайта сканерлеп көріңіз.
- ❑ Сканерлеу бағдарламасы дұрыс жұмыс жасамаса, алдымен бағдарламаны алып тастап, сосын оны қағаз нұсқаулықта сипатталғандай қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Сканерлеуге қатысты ақауларды жою

Құжатты автоберу құрылғысын (ADF) пайдалану

- Құжат қақпағы немесе ADF қақпағы ашық болса, оны жауып, сканерлеуді қайта бастаңыз.
- Epson Scan құрылғысында **Office Mode** немесе **Professional Mode** пәрмені таңдалғанын тексеріңіз.
- Кабельдердің өнімге және жұмыс істеп тұрған электр розеткасына мықтап жалғанғанына көз жеткізіңіз.

Түймешікті пайдалану

Ескертпе:

Өнімге байланысты сканерлеу функциясы түймені пайдаланғанда қол жетімді болмауы мүмкін.

- Бағдарлама түймесі тағайындалғанын тексеріңіз.
➔ [“Epson Event Manager” бетте 95](#)
- Epson Scan және Epson Event Manager дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Epson бағдарламасы орнатылған соң немесе орнатылу барысында Windows Security Alert (Windows қауіпсіздік туралы сигналы) терезесіндегі **Keep Blocking (Құрсаулау)** түймесін басқан болсаңыз, Epson Event Manager ұяшығында блокты ашыңыз.
➔ [“Epson Event Manager қызметінің блогын ашу әдісі” бетте 181](#)
- Mac OS X:
Сканерлеу бағдарламасын орнатқан пайдаланушы ретінде тіркелгеніңізді тексеріңіз. Басқа пайдаланушылар алдымен Epson Scanner Monitor экранын Applications қалтасында іске қосып, сканерлеу үшін түймені басыңыз.

Epson Event Manager қызметінің блогын ашу әдісі

- 1** **Start (Бастау)** немесе іске қосу түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** пәрменіне өтіңіз.
- 2** Келесінің біреуін орындаңыз.
 - Windows 7:
System and Security (Жүйе және қауіпсіздік) пәрменін таңдаңыз.
 - Windows Vista:
Security (Қауіпсіздік) пәрменін таңдаңыз.
 - Windows XP:
Security Center (Қауіпсіздік орталығы) пәрменін таңдаңыз.
- 3** Келесінің біреуін орындаңыз.
 - Windows 7 және Windows Vista:
Allow a program through Windows Firewall (Бағдарламаны Windows брандмауэр арқылы іске қосуға рұқсат беру) пәрменін таңдаңыз.

Сканерлеуге қатысты ақауларды жою

- ❑ Windows XP:
Windows Firewall (Windows брандмауэрі) пәрменін таңдаңыз.

4

Келесінің біреуін орындаңыз.

- ❑ Windows 7:
Allowed programs and features (Рұқсат етілген бағдарламалар мен мүмкіндіктер) тізімінде **EEventManager Application** құсбелгі қойылғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Windows Vista:
Exceptions (Ерекшеліктер) қойындысын басып, **EEventManager Application** ұяшығына Program or port (Бағдарлама немесе порт) тізімінен құсбелгі қойылғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Windows XP:
Exceptions (Ерекшеліктер) қойындысын басып, **EEventManager Application** ұяшығына Programs and Services (Бағдарлама және қызметтер) тізімінен құсбелгі қойылғанына көз жеткізіңіз.

5

OK түймесін басыңыз.

Erson Scan драйверінен басқа сканерлеу бағдарламасын пайдалану

- ❑ Adobe Photoshop Elements сияқты TWAIN-үйлесімді бағдарламаларды пайдалансаңыз, Scanner немесе Source орнатымы ретінде дұрыс өнімнің таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- ❑ Adobe Photoshop Elements сияқты TWAIN-үйлесімді сканерлеу бағдарламалары арқылы сканерлей алмасаңыз, TWAIN-үйлесімді сканерлеу бағдарламасын алып тастап, оны қайта орнатыңыз.
➔ [“Бағдарламаны жою” бетте 149](#)

Қағаз беру кезінде пайда болатын проблемалар

Қағаз ластанса

- Өнімді тазалау қажет болады.
➔ [“Өнімді тазалау” бетте 143](#)

Қағаздың бірнеше парақтары берілсе

- ❑ Қолдау көрсетілмеген қағазды салған болсаңыз, өнім қағаздың бірнеше парақтарын бір уақытта беруі мүмкін.
➔ [“Құжатты автоберу құрылғысының \(ADF\) техникалық сипаттары” бетте 194](#)

Сканерлеуге қатысты ақауларды жою

- ❑ Өнімді тазалау қажет болады.
➔ [“Өнімді тазалау” бетте 143](#)

Қағаз Құжатты автоберу құрылығысы (ADF) ішінде кептеліп қалса

ADF құрылығысының ішінде кептеліп қалған қағаздарды алып тастаңыз.

- ➔ [“Кептелген қағазды Құжатты автоберу құрылығысынан \(ADF\) шығару” бетте 164](#)

Сканерлеу уақытына қатысты проблемалар

- ❑ Жоғары жылдамдықты сыртқы USB порттары бар компьютерлер сыртқы USB порттары бар компьютерлерге қарағанда жылдамырақ сканерлей алады. Өніммен бірге жоғары жылдамдықты сыртқы USB портты пайдалансаңыз, оның жүйелік талаптарға сай екеніне көз жеткізіңіз.
➔ [“Жүйе талаптары” бетте 189](#)
- ❑ Жоғары ажыратымдылықпен сканерлеуге ұзағырақ уақыт кетеді.

Сканерленген суреттерге қатысты ақаулар

Сканер сапасы қанағаттанарлықсыз

Сканер сапасын ағымдағы орнатымдарды немесе сканерленген суретті өзгерту арқылы жақсартуға болады.

- ➔ [“Суретті реттеу мүмкіндіктері” бетте 74](#)

Сканерленген суретте түпнұсқаның артқы жағындағы сурет көрінеді

Түпнұсқа көшірме жұқа қағазға басылған болса, артқы жағындағы суреттер көрініп, сканерленген суретте пайда болуы мүмкін. Түпнұсқаны артына қара түсті қағаз салынған күйде сканерлеп көріңіз. Сонымен қатар, түпнұсқа үшін Document Type және Image Type параметрлері дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Таңбалар бұзылған немесе бұрмаланған

- ❑ Office Mode немесе Home Mode ішінде, **Text Enhancement** құсбелгі шаршысын таңдаңыз.

Сканерлеуге қатысты ақауларды жою

- ❑ Threshold параметрін реттеңіз.

Home Mode:

Image Type параметрі ретінде **Black&White** пәрменін таңдап, **Brightness** түймесін басып, сосын Threshold параметрін өзгертіп көріңіз.

Office Mode:

Image Type параметрі ретінде **Black&White** пәрменін таңдап, сосын Threshold параметрін өзгертіп көріңіз.

Professional Mode:

Image Type параметрі ретінде **Black & White** пәрменін таңдап, + (Windows) немесе ► (Mac OS X) **Image Type** параметрінен кейін тұрған түймені басыңыз. Тиісті Image Option параметрін реттеп, Threshold параметрін өзгертіп көріңіз.
